

**«Бірлестік ауылының ЖОББМ»
КММ-нің 2021-2022 оқу жылының
тәрбие жұмысы бойынша жылдық
мәтіндік есебі**

**«Бірлестік ауылының ЖОББМ» КММ-нің 2021-2022 оқу жылының
тәрбие жұмысы бойынша жылдық мәтіндік есебі**

**«Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, сапалы
білім беру»**

Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:

**«Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын,
елінің өткеніне құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-
жақты білімді, қабілетті, тұлға қалыптастыру»**

Мақсаты

-«Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея оқушылардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіретін білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеу;

- Әлеуметтік жобаларға деген қызығушылықты арттыру;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды жандандыру;
- Оқушыларда көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушыларда:

-ҚР мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық-патриоттық сананы қалыптастыру; Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

-«Бала құқықтары» туралы Конвенцияны іске асыру;

-ҚР Конституциясын басшылыққа алып құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту;

-ҚР «Білім туралы заңын» іске асыру бағдарламасын жалғастыру;

-Пандемия кезіндегі қауіпсіздік шараларын іске асыру, оқушылардың денсаулығын сақтау

-өмірдің ең жоғарғы құндылықтарын, олардың адамдар арасындағы қарым-қатынастағы көрінісін;

-жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен шындыққа негізделген адамның лайықты өмірі

(адалдық, құрмет, парасаттылық);

-өз әрекеттері үшін жауапкершілік;

-оқу және зерттеу, ақпаратпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан, проблемаларды шешу, қарым-қатынас және ынтымақтастық, тиісті деңгейде үш тілді пайдалану түсінігін қалыптастыру.

Оқушыларды:

-адамдарға, әлеуметтік оқиғаларға эмоциялық жанашырлықпен қарау жағдайларына;

-даму және өмірде өзін-өзі таныту тәсілі ретінде зерттеу-шығармашылық қызметіне;

-өзін-өзі басқару істерінде белсенді қызметке тарту,

Олар:

-қоғамдық даму мәнмәтінінде лайықты өмір сүрудің құнды болашағын туғызуға;

-өмірде жетістікке қол жеткізу үшін өзін-өзі реттеуді, тұрақты мінез-құлықты, өзін-өзі жетілдіруді қалыптастыруға;

-өзінің жан дүниесін, басқалармен байланысын, өзінің ел және адамгершілік үшін миссиясын ұғынатын әрбір оқушының ерекшелігін дамытуға ықпал ету. құндылықтарды жинаған, өз өмірі мен іс-әрекетіне жауап бере алатын, өз өмірінің қажеттілігін түсінетін, оқу мен зерттеу, ақпаратпен жұмыс істейтін және сын тұрғысынан ойланып өмірде жетістікке қол жеткізу.

Күтілетін нәтиже:

Оқушыларда:

-өмірдің ең жоғарғы құндылығын түсінетін, бойында жалпы адами және ұлттық құндылықтарды сіңірген, өзін-өзі реттейтін, тұрақты мінез-құлықты, жан дүниесі бай, өзінің ел және адамгершілік үшін миссиясын түсінетін тұлға қалыптасады.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Бірінші бағыт—«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»

Мақсаты: білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастыру, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алу.

Екінші бағыт —«Рухани-адамгершілік тәрбие»

Мақсаты: Адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ету.

Үшінші бағыт – «Ұлттық тәрбие»

Мақсаты: Жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асыру арқылы оқушылардың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру.

Төртінші бағыт – «Отбасы тәрбиесі»

Мақсаты: Отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік сияқты құнды қасиеттерді оқушылардың бойына дарыту.

Бесінші бағыт – «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие»

Мақсаты: Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал ету.

Алтыншы бағыт – «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие»

Мақсаты: Білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектесу, жан-жақты, әсемдікті, сүйіспеншілікті бойларына сіңіруге ықпал ету.

Жетінші бағыт – «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу»

Мақсаты: Білім құндылығын, зияткерлік ұстанымды, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастыру.

Сегізінші бағыт – «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты»

Мақсаты: Салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	
1	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/ ;
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S110000002
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
4	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext
5	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
6	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt ;
7	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
8	туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
9	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
10	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/
11	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету	
1	Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» мақаласын мектептерде тәрбие жұмысының ұйымдастырылуында патриоттық тәрбиені негізге ала отырып, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын іске асыру
2	ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар	

Жоғарыдағы көрсетілген тәрбиенің мақсат міндеттері мен басым-бағыттарын, құндылықтарын іске асыру мақсатында тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Тамыз айы басталысымен Республиканың түкпір-түкпірінде «Мектепке жол» акциясы басталды. Акцияның мақсаты 1 сыныпқа баратын аз қамтылған және жетім балалар мен патронаттық тәрбиедегі балаларға материалдық көмек көрсету. «Мектепке жол» акциясы «Мектеп жиналуға көмектес» тақырыбымен ұйымдастырылды. Биылғы жылы Бірлестік орта мектебіне 1 сыныпқа 10 оқушы қабылданды. Осы 10 оқушының ішінде 2 оқушы аз қамтылған, тұрмыстары төмен отбасыларының балалары. Ауылдың жеке кәсіпкері Мукажанов Б.Қ. осы 2 оқушыға 15.000 (әрбіріне он бес мың) тенгеден қаржылай демеушілік көмек көрсетті.

1 қыркүйек Білім күніне орай «Бірлестік ауылының ЖОББМ» КММ-де 1 сынып оқушыларына арналған «Кел, балалар оқылық!» тақырыбымен алғашқы қоңырауға арналған салтанатты жиын өтті. Жиынға Сәкен Сейфуллин селолық округінің бас маманы Ермагулова Т.А. және аға ұстаздар шақыртылды.

Санитарлық талаптар қатаң түрде сақталды. Жиын таза ауада, мектеп ауласында өткізілді. Оқушылардың ара қашықтықтары сақталынып, 1 сынып оқушылары мен жиынның қонақтары, мұғалімдер толықтай бет пердеде болды. Антисептикпен қолдарын залалсыздандырылып сақтық шаралары талапқа сай жүргізілді. Өтілетін орын тақырыпқа сай әсем безендірілді.

Салтанатты жиыны барысында мектеп директоры Ермагулова Л.Қ. және С.Сейфуллин селолық округінің бас маманы Ермагулова Т.А. сонымен қатар аға ұстаздар 1 сынып оқушыларын мектеп табалдырығын алғаш аттауларымен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

1 сынып оқушыларына арналған жиында «Әліппе» оқулығы оқушыларға салтанатты түрде табыс етілді. Биылғы жаңа оқу жылының «Кел, балалар оқылық!» деп аталуы осы әліппе кітабымен байланыстылығында. Салтанатты жиын барысында 1 сынып оқушылары «Қош келдің Әліппе!», «Біз мектепке барамыз», «Алғашқы ұстазым» атты тақырыптық әндер орындалып, мерекеге арналған билерде биледі. Білім күніне арналған мерекелік салтанатты жиын өте жоғары деңгейде өтті.

1 қыркүйек Білім күнінде 2-11 сыныптарда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбымен алғашқы сынып сағаттары өтілді. Сынып сағаттарының мақсаты оқушыларға тәуелсіз Қазақстанның 30 жылда жеткен жетістіктерімен таныстыру, патриоттық тәрбие беру, Отансүйгіштікке баулу, еліміздің ерлік істерін дәріптеу, білім, өнер, спорт, мәдени, экономикалық, әлеуметтік, басқа елдермен дипломатиялық, іскерлік қарым-қатынастағы жеткен жетістіктері жайында ақпараттар, мәліметтер беру. Сынып сағаттары барысында тақырып толығымен ашылды. Әр сыныпта әр түрлі формада өтілді.

Сайыс, викторина, дөңгелек үстел, пікір-талас түрінде жүрілген сабаққа оқушылар жоғары белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Сынып жетекшілер видеолар, слайдтар мен кітаптар көрмесін ұйымдастырып,

өтілетін орынды тәуелсіздік тақырыбына орай безендірді. Мектеп дәлізінде кітапханашы Сағындықова В.Р.«Тәуелсіз Қазақстанға 30 жыл» тақырыбымен кітаптар көрмесін ұйымдастырды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Солтанбек Г. және мектеп инспекторы Бимукановға М.А. және психолог Минат Е. сынып жетекшілермен бірлесе отырып бір ай бойы проблемалы балалармен жұмыс жасады. Мақсаты:

- 1 сыныптан бастап проблемалы балаларды анықтау және педагогикалық қараусыздықтың қалпын білу;
- басқа оқушылардың белгілі бір оқушыға әсер етін зерттеу, оның қатынас құрайтын шеңберін анықтау;
- отбасыдағы орнын қарастыру.

Бірлестік орта мектебінде әлеуметтік жағдайлары төмен отбасындағы балалармен патронаттық тәрбиедегі 5 оқушы бар. Осы оқушылар және 1 сыныптың оқушылары аудан тарапынан берілген жалпыға бірдей оқыту қорынан тегін тамақтанады. Мектепте проблемалы, тәртіпсіз балалар жоқ.Тәртіпсіздік, балалар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу үшін сынып жетекшілер, тәрбие ісінің меңгерушісі Солтанбек Г. мектеп психологы Минат Е. үздіксіз жұмыс жасады. Тақырыптық әңгімелер жүргізіліп, ата-аналарымен үнемі жұмыстар атқарылуда. Психолог басқа оқушылардың белгілі бір оқушыға әсер етуін зерттеу, оның қатынас құрайтын шеңберін анықтау үшін үнемі іс-шаралар атқарып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мектеп жасындағы оқитын қамқорлықтағы бір бала және патронаттық тәрбиедегі екі балалар бар. Олар күнделікті мектептен тыс және сабақ барысында да үнемі бақылауда қадағалануда.

09.09.2021. күні жоғары сынып оқушыларының жиыны өтілді. Аға тәлімгер Гарипова Г.М. жиын барысында оқушылардың жұмыс жоспарларымен міндеттерімен таныстырып өтті. Жоғары сынып оқушыларынан құралған «Мектептегі өзін-өзі басқару» ұйымының фракция жетекшілері мен мүшелері тағайындалып, қоғамдық жұмыстар мен тапсырмалар жүктелді.

10.09.2021 дейін 9-11 сынып оқушылары арасында «Сайлау» акциясы ұйымдастырылды. 2021-2022 оқу жылының Ұланбасшысы болып 9 сынып оқушысы Боранбай Ұлжан бірауыздан тағайындалды.

10.09.2021 ж. күні аға тәлімгер Гарипова Г.М. «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарының белсенділерін тағайындап жиын өткізді. «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарының - кеңесі барысында

1) міндеттерін оқылып

2) қоғамдық тапсырмаларды бекіту айтылды.

Жоспар бойынша 1-11 сыныптар арасында «Ана тілім ардағым!» орай онкүндік жұмысын атқарды. Іс-шара барысында сынып сағаттары, сыныптан тыс іс жұмыстар, сайыстар, жарыстар ұйымдастырылды.

Мектеп дәлізіндегі жолда жүру ережесі жайындағы ақпараттық бұрыш жаңартылып, жасақталды.

Қыркүйек және қазан айлары бойы 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау және 5 сынып оқушыларының орта буынға

бейімделуін анықтау мақсатында және бейімделту мақсатында мектеп психологы Минат Е. бақылау жасап, жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде 1 сыныптың барлық оқушылары және орта буынға қабылданған 10 сынып оқушылары толығымен бейімделіп кетті.

Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылар арасындағы төтенше жағдайдың яғни бопсалау, суицидтік әрекет, жолда жүру ережесін сақтау, қиянат жасаудың алдын-алу бойынша тақырыптық іс-шаралар жоспар бойынша жүргізілуде. Қазіргі таңда 1-8 сыныптарда сынып сағаттарына кіріктіріліп жолда жүру ережесі бойынша тақырыптық сынып сағаттары жүргізілуде. Сонымен қатар мектептің дәлізіндегі жолда жүру ережесі бойынша жасақталған ақпараттық стенд жаңартылып жаңа мәліметтермен толықтырылды. Мектептің дәлізінде «Сенім жәшігі» белсендендірілген. Оқушылар арасында сауалнамалар жүргізілді. Сауалнаманың қортындысы бойынша мектепте және сырттан оқушыларға ешқандай қыспақ және бопсалау әрекеттері көрсетілмеген. Ешкімнің құқығы тапталып, қиянат жасалмаған. Сонымен қатар аз қамтылған, жетім балалардың тұрмыстық әлеуметтік жағдайларын, бос уақыттардағы айналысатын іс-әрекеттерін сынып жетекшілер, мектеп психологы Минат Е. және тәрбие ісінің меңгерушісі Солтанбек Г. үнемі қадағалап отырады. Тәртіптері нашар балалардың мінез-құлықтары қадағаланып, үнемі тәрбиелік шаралар, психологиялық кеңестер беріліп отырады. Мектеп оқушыларының түнгі уақыттардағы көшедегі жүрістерін бақылап үшін әр апта сайын мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың бірлескен әрекетімен кезекшілік қойылды. Кезекшіліктің мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмаған оқушылардың кешкі уақыттардағы қауіпсіздіктерін сақтау, себепсіз жүрістерін анықтау, түнгі уақыттардағы болатын төтенше жағдайдың алдын-алу. Қазіргі уақытқа дейін сағат кешкі 21.00-ден кейін көшеде жүрген балалар жайында факты тіркелген жоқ. Мектептегі томаға тұйық, ешкіммен араласпайтын оқушылармен үнемі әңгімелер жүргізілуде. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын-алу үшін арнайы папка ашылып жұмыстар жүргізілуде. Бірлестік орта мектебінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін арнайы жоспар құрылып сол жоспар бойынша іс-шаралар атқарылуда.

Мақсаты: Оқушылар арасында құқықбұзушылық және қараусыздықты алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Міндеттері:

- кәмелеттік жасқа толмағандардың заңды ой-пікірлерін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қауіпті жағдайында болатын отбасыларға көмек көрсету;
- кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықбұзушылығын анықтау, болдырмау;
- оқушыларға психологиялық-педагогикалық, медициналық және құқықтық қолдау көрсету.

Қызмет бағыттары:

- кәмелеттік жасқа толмағандармен жұмыс;
- педагогикалық ұжыммен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- әлеуметтік-психологиялық қызмет;
- құқық қорғау органдарымен қатынаста болу.

Ең алдымен кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықбұзушылығын және қараусыздығын ескерту бойынша іс-шаралар жүргізілді. Оқу жылы басталысымен мектеп инспекторы Бимуканова М.А. тәрбие ісінің меңгерушісі Солтанбек Г. сынып жетекшілер «Тәуекел тобындағы» балаларды және отбасыларды анықтау яғни тәртіпсіздік жасайтын балаларды анықтау тіркеуге алу бойынша іс-шаралар жүргізілді. Мектепте қылмыс жасап құқық бұзушылық жасаған балалар жоқ. Тәуекел тобындағы балалар жоқ болса да қылмыстың алдын-алу үшін жұмыстар атқарылып жатыр.

Сынып жетекшілері және тәрбие ісінің меңгерушісі Солтанбек Г. оқушылардың күн сайын сабаққа қатысуын және мектепшілік, сыныптық іс-шараларға араласу бойынша бақылауды ұйымдастыруда. Барлық оқушылар бірдей іс-шаралар айналысуда. Сабаққа келмей қалған оқушылардың ата-аналарына хабарласып себебі анықталуда.

Кесте бойынша қазан айында құқық қызметкерімен кездесу ұйымдастырылған. Қазан айының соңына дейін кездесу өткізіледі. Мақсаты: Қазіргі таңдағы болып жатқан балалар арасындағы қылмыс жайында ақпарат беру, қылмыстың алдын алу бойынша дәріс оқу.

Мектеп инспекторы Бимуканова М.А. жетім және патронаттық тәрбиедегі балалардың тұрмыс жағдайын зерттеуді ұйымдастыруда. Қамқорлықтағы балалардың материалдық және моральдық жағдайын үнемі қадағалауда. Балалар басқалардың тарапынан ешқандай қыспақ көрмей, әлеуметтік жағдайлары жақсы болып тұрып жатыр.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Солтанбек Г. әлеуметтік пелагог Бимуканова М.А. психолог Минат Е. және сынып жетекшілер проблемалы балалар болмаса да жұмыстар жасауда:

- 1 сыныптан бастап проблемалы балаларды анықтау және педагогикалық қараусыздықтың қалпын білді;
- басқа оқушылардың белгілі бір оқушыға әсер етуін зерттеу, оның қатынас құрайтын шеңберін анықталды;
- Әрбір оқушының отбасыдағы орнын қарастырды. Отбасында әртүрлі жағдайға қалып, қиындыққа тап болған балалар жоқ. Барлық оқушылар толық қанды жағдайда тұрып жатыр. Ешқандай оқушылар ата-ана және ұстаздар, сыныптастары, басқа да оқушылар тарапынан қыспақ көріп, құқықтары бұзылған жоқ.

Ата-аналар, мектеп әкімшілігі және ұстаздар қауымы «Түнгі көшедегі балалар» атауымен түнгі уақыттарға рейдтерге шығуда.

Мектеп медбикесі Еслямғалиева З.С. «Санбекетін» жұмысын жаңарту, жалғастыру мақсатында жаңа оқу жылына арнап жоспар құрып сол жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастырып, атқаруда. Медбике өз кестесі бойынша

оқушылардың тазалықтарын келіп тексеріп тұрады. Сонымен қатар коронавирус инфекциясының алдын-алу бойынша да көптеген тақырыптық кеңес беру жұмыстарын жүргізуде.

Биология пәнінің мұғалімі Кемалов А.А. қыркүйек және қазан айлары бойы «Жасыл әлем» бөлмелерді гүлдендіру сайысын жүргізді. Мақсаты сынып бөлмелерін гүлдендіру, таза ауамен қамтамасыз ету. Нәтижесінде I орынды 1 және 2 сыныптар жеңіп алса, II орынды 3 және 4 сыны иеленді. III орынды 7 сынып пен 10 сыныптарға бұйырды.

Психолог 1-9 сыныптар арасында «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін» ұйымдастыру жұмыстарын іске асыру үшін жеке жоспар құрып, жұмыстар жүргізуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы құрылған «Адал ұрпақ» еріктілер клубы өз жұмысын жалғастыруда.

Оқушыларды ерте әскери өмірге баулу мен батылдық, ерлік ұғымдарын саналарына сіңіру мақсатында құрылған «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы да өз жұмыстарын жүргізуде. Діни экстремизм және терроризм идеяларын таратуға идеологиялық қарсы әрекеттер бойынша, суицидтік әрекеттің алдын алу бойынша да кешенді жоспар құрылып бекітілген жоспар бойынша шаралар ұйымдастырылуда.

Оқушылардың сабақтан бос уақытта тиімді шаралармен айналысуларын нығайту үшін спорттық және мәдени, қоғамдық шараларды ұйымдастыру балалардың бос уақыттарын пайдалы әрі тиімді өткізуге жағдай жасау үшін спорттық секциялар мен үйірмелер, қызығушылықтары бойынша үйірме, клубтар, ұйымдар ұйымдастырылып, ашылды. Бекітілген кесте бойынша апта сайын жауапты мұғалімдер жұмыстарын жүргізуде.

Кітап оқу, кітап оқу мәдениетін арттыру үшін мектеп ата-аналармен бірлесіп отырылып жаппай кітап шараларын ұйымдастыруда. Соның бірі «Жақсы кітап-жан азығы» тақырыбындағы буккроссинг және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша кітаптар оқу шарасын ұйымдастыру. Бұл жобалар бүгінгі күні жақсы жолға қойылып, іске асырылуда. Ата-аналар, оқушылар өздерінің қалаған кітаптарын алып оқып, өздерінің үйдегі кітаптарымен бөлісуде.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру үшін де жылдық жоспар бекітіліп, бүгінгі күні бағдарлама негізінде ауқымды іс-шаралар өткізілуде.

Қыркүйек айында құрылған «Парасат» пікір-талас клубы бүгінгі күні жақсы жолға қойылған. Жетекшісі жас маман информатика пәнінің мұғалімі, облыстық, республикалық дебаттардың мүшесі Төлеухан Айжарық Нұрмұхаммедұлы. Жоспар бойынша қыркүйек айында «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында пікір-талас ұйымдастырды. Дебатқа қатысушылар тақырыпты еркін ашып талдап, талқылады.

Ерте жүктіліктің алдын-алу мен ЖҚТБ-ға қарсы күрес пен нашақорлықтың, шылым шегуді болдырмауға байланысты атқарылатын жұмыстардың жоспары бекітіліп, жауаптылар тағайындалды. Мектеп медбикесі Еслямғалиева З.С. 1-4 сыныптарға «Жеке бастың гигиенасы» тақырыбында әңгіме жүргізді.

Оқушылардың арасында төтенше жағдайдың алдын-алу, қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында ата-аналармен оқушыларға қауіпсіздік ережелері таныстырылды. Бұл ереже барлық қауіпсіздік шараларын қамтыды.

Күн сайын оқушылар денелерін шынықтыру үшін бой жазу жаттығуларын жасап отырады.

Сынып жетекшілердің кестесі бойынша 1-11 сыныптарда ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер оқушыларға мемлекеттік рәміздердің маңыздылығы мен құрмет көрсетулері жайында тәрбиелік шараларын жүргізді. Қыркүйек айы бойы

ҚР Гимнін дұрыс орындауды үйрету үшін күнделікті орындап, нақышына келтіре орындатылды. Нәтижесінде оқушылар бүгінгі күні мемлекеттік Гимнді жоғары деңгейде, қатесіз орындайды. Тарих пәнінің мұғалімі Утегенов А.Қ. қыркүйек айының ҮІ аптасында „Менің Отаным-Қазақстан“ тақырыбында еліміздің киелі орындарына виртуалды саяхат жасады. Видео арқылы оқушылар Қазақстанның түкпір түкпіріне саяхат жасап, еліміздік киелі, қасиетті жерлеріне шолу жасады.

Мектеп кітапханашы Сағындықова В.Р. қазақ даласының ұлы тұлғалары Ахмет Байтұрсынұлына, Ыбырай Алтынсаринға, Мұқағали Мақатаевқа арналған тақырыптық көрмелер ұйымдастырды.

Қазан айы қарттар мен мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау мен қорғау айы болып саналады. Осы айлыққа орай Бірлестік ауылында тұратын жалғыз басты немесе шаруашылық көмекті қажет ететін қариялар мен мүгедек жандардың тізімі жасалынды. Тізімді ауыл әкімшілігі құрастырып тізімде көрсетілген адамдарға көмек көрсету шарасы қолға алынды. «Бірлестік ауылының ЖОББМ» КММ-нің «Қайырымдылық» тобы яғни 8-10 сыныптардың оқушылары сынып жетекшілерімен бірге ауылдағы қарттар мен денсаулықтары төмен жалғыз басты адамдарға шаруашылық көмек көрсетті. Санитарлық талаптарды сақтау отырып қыз балалар үйдің ішін жинастырып, жуып, тазалау, ақтау сияқты жұмыстарға қолғабыс етсе, ер балалар отын жинау, аула тазалау сияқты дала жұмыстарына көмек көрсетті. Қарттар ақ баталарын беріп, алғыстарын айтты.

Ал бастауыш сыныптың мұғалімі Нұрмағанбетова Б.Ә. 6 сыныптың сынып жетекшісі Каркенов М.Ш. 9 сыныптың сынып жетекшісі Минат Е. қарттарды мерекелерімен құттықтап қашықтан мерекелік концерт даярлап, әлеуметтік желілерге салды.

Қазанның алғашқы жексенбісі ұстаздар күніне орай тақырыптық іс-шаралар жүргізілді. «Жас Ұлан» балалар ұйымының белсенділері және ДТГЖО Солтанбек Г. 1.10.21. күні «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік құттықтау және өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды. Оқушылар видеолар арқылы мұғалімдерді құттықтап, түрлі өлең жолдарын, арнауларын жолдады. Сонымен қатар қазанның бірі күні мұғалімдерге арналған мерекелік концерт өткізді. Концерт барысында ұстаздар жайында әндер орындалып, мектеп вальстері биленіп, түрлі құттықтау өлең жолдары арналды. Өтілетін орын тақырыпқа сай безендірілді.

Алтын күз мерекесі паденмиялық жағдайға байланысты онлайн форматта өткізілді. Әрбір сынып күзгі көкөніс жемістерден түрлі қолөнер бұйымдарын жасап таныстырды.

Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері Буркытов Д.М. Нұрбек Е. Қыдырғалиев Е.А. ұлттық «Асық ату», «Бес асық» ойындарынан сайыс өткізді. Ұл балалар басымдық көрсетіп, асық атудан мергендік көрсетті. «Парасат» пікір-талас клубында 22.10.2021 күні «Қыз бен ұлдың арасында достық болу мүмкін бе?» тақырыбымен дебат ұйымдастырылды. Дебатқа қатысушылар бұл тақырыпқа белсенділікпен қатысып, қызу талқылады. Әрбір ойыншының пікірі және ойы құнды. Оқушылар ойларын еркін жеткізіп, дәлелдей білді.

«Адамзаттың ұлы ұстазы» Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай 4 сыныпта сынып жетекшісі Нұрмағанбетова Б.Ә. ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты өте жоғары деңгейде өтті. Сынып жетекші тыңғылықты, мазмұнды әрі тәрбиелі шара өткізді. Оқушылар ұлы ұстаздың шығармаларынан сахналық қойылымдар көрсетіп, өлеңдерін мәнерлеп айтып, әндерін нақышына келтіре орындады. Кітаптарын оқып, өмірбаянымен танысты. Видео, слайд арқылы жазушының өмір жолдары, атқарған қызметі мен жеткен жетістіктері көрсетілді. Безендірілуі, өтілуі өте жақсы түрде болды.

І тоқсанның аяқталуына орай барлық сыныптарда қашықтан сыныпшілік ата-аналар жиналыстары өтілді. Ал мектепшілік жиналыста қашықтан жүргізілді. Мектепшілік қашықтан өткен жиналыстың тақырыбы «Балаларды интернет тәуелділігінен қорғау, қауіпті алаяқтық ойындардан сақтау». Осы тақырып жөнінде ауқымды слайд пен видео ата-аналардың назарына ұсынылып, тақырып қызу талқыланды.

Қараша айының кестесі бойынша 6 сыныпта «Жаңғырған салт-дәстүрлер» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жауапты сынып жетекшісі Каркенов М.Ш. «Рухани жаңғыру» жобасын іске асыру негізінде ұйымдастырылған ашық тәрбие сағаты ұлттық тәрбиеге негізделген бағытта жүргізілді. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың маңыздылығы мен мәні жайында көптеген қызықты ақпараттар берілді. Оқушылар қазақ халқының 4 салт-дәстүрін сахналап көрсетті. Өтілетін орын ұлттық сипаттағы орынға сай безендірілген. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өткізілді.

20 қараша балалар құқығын қорғау күніне орай 9-10 сыныптар арасында құқық негіздері пәнінің мұғалімі Утегенов А.Қ. «Бала құқығы-адам құқығы» атты сыныптан тыс шара ұйымдастырды. Оқушылар бала құқықтары туралы постер жасап қорғады. Слайд, видеолар арқылы бала құқығы туралы заң таныстырылды.

Барлық сыныптарда су қату кезіндегі мұз үстіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау, тәртіпсіздіктің, бопсалаудың, жәбірлеудің, құқықбұзушылықтың, әлімжеттік көрсетудің, жағымсыз әрекеттердің, ЖҚТБ-ның, нашақорлықтың алдын алу жайында сынып сағаттары жүргізілді.

Қараша айында сонымен қатар «Парасат» пікір-талас клубы «Біздің құқығымыз қорғала ма?» тақырыбында бдебат жүргізді. Екі тарап болып сөз

майданға түскен оқушылар өз ойларын нақты дәйек пен дәлелемен келтіріп, пікірлерін білдірді.

9 сыныпта сынып жетекшісі Минат Е. кәсіптік бағдар беру бағытында «Мамандықтың түрі көп, бірін таңдап қалап ал» атты мамандық таңдау бойынша ашық тәрбие сағатын жүргізді. 9 сыныптың оқушыларына бүгінгі күннің маңызды әрі қажетті мамандықтарымен таныстырып, болашақта кәсіп таңдауда қателеспеуге кеңестер берді.

1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай және 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай кең ауқымды іс-шаралар жоспарланып жүргізілді.

Тұңғыш Президент күніне орай 5 сыныпта Утегенов А.Қ. және тәуелсіздік күніне орай 3 сыныпта Мейрамова Н.Қ. ашық тәрбие сағаттарын жүргізді. Бастауыш сыныпта өткен ашық тәрбие сағаты өте сапалы, мазмұнды, мәнді, мағыналы, патриоттық рух беретін, тәрбиеге толы сынып сағаты болды. Өтілетін орын тақырыпқа сай безендіріліп жасалған. Нұржамал Қапезқызы тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай іткізген осы ашық тәрбие сағатын өте жоғары деңгейде өткізді. Ал 5 сыныптағы өткен ашық тәрбие сағаты өз деңгейінде, бірсарынды түрде жүрілді. Сонымен қатар барлық сыныптарда тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Барлық сыныптардың сынып сағаттары бір деңгейде, патриоттық үлгіде, сапалы, мазмұнды. Әрі оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілді. Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі Каркенов М.Ш. «Кіл жүйрікте, кім жүйрік?» атты танымдық сайыс өткізді. Оқушылар белсене қатысып, нәтижесінде 11 сынып оқушылары жеңіске жетті.

14.12.2021. күні ҚР Тәуелсіздігі күніне орай мектеп белсенділерін, оқу озаттары мен екпінділерін, спорттық іс-шаралардың жүлдегерлерін Республикалық Бірыңғай «Жасұлан» балалар ұйымына қабылдау шарасы жүргізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай аудандық сурет байқауына мектебімізден 3 оқушы қатысты. Нәтижесінде Гран-При иегері 6 сынып оқушысы Ключев Руслан, I орын 7 сынып оқушысы Темірке Ернұр, ал III орынды 5 сынып оқушысы Бек Дінмұхаммед жеңіп алды. Ал қашықтан ұйымдастырылған I Республикалық суреттер байқауына қатысқан Ключев Руслан I дәрежелі жүлдегер, Темірке Ернұр I дәрежелі жүлдегер, ал Бек Дінмұхаммедте I дәрежелі жүлдегер атанып арнайы дипломдармен марапатталды.

Ал 3 сынып оқушысы Шамухан Жансая қашықтан өткен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мәңгілік ел жастары қорының ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік-тәңір сыйы» атты мәнерлеп оқу байқауына қатысып I орынды жеңіп алды.

2022 жаңа жыл мерекесін орай мектепте мектеп дәлізіне безендіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар барлық сыныптарда жаңа жыл мерекесіне орай құттықтау видеолар жасады. Жоспарланған көптеген іс-шаралар пандемияға байланысты өткізілмеді. Көптеген іс-шаралар өткізіліп, видео ретінде жарияланып отырылды. Кейбір видеолар сапалы, әрі мазмұнды, басы мен аяғы бар болса кейбір видеолар сапасыз, қажетсіз

мәліметтерге толы, әрі талғамқа сай жасалмаған. Осы жөніне барлық кемшіліктер ескертіліп, түсіндірілді. Ал мектеп жанындағы «Арай» шағын орталығында «Кел жаңа жыл, жаңа жыл» атты ертеңгілік өткізілді. Тәрбиешілер түрлі ертегі кейіпкерлері болып киініп, сахналық қойылымдар көрсетті. Аяз ата мен ақшақар кішкентай бүлдіршіндерге тәтті үлестіріп, өнерлерін тамашалады. Әртүрлі қызықты билер мен әндер, сахналық қойылымдар қойған бүлдіршіндер жаңа жыл ертеңгілігін жандандырып жіберді.

9-11 сынып оқушыларының қыздарымен «Ерте жүктіліктің зияны және ерте жүктіліктің болдырмау, гинекологиялық және урологиялық аурулардың алдын-алу» тақырыбында ашық әңгіме жүргізілді. Әңгіменің негізгі мақсаты бүгінгі күні оқушылардың арасындағы орын алып жатқан ерте жүктіліктің алдын-алу. Мектеп медбикесі Еслямғалиева З.С. қыздарға медициналық тұрғыдан кеңестер беріп ерте жүктіліктің салдары мен зияны жайында көптеген мәліметтер беріп өтті.

Қаңтар айының жалпы ата-аналар жиналысында киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениетті қалыптастыру, интернет қауіпсіздігін сақтау, әлеуметтік желілердің құрбаны болудың алдын алу тақырыбында ата-аналармен онлайн форматта жиналыс өтті. Тақырып бойынша баяндама жасалып, статистикалық мәліметтер берілді.

Қаңтар айында мектепшілік «Парасат» пікір-талас клубы аудандық дебатқа қатысып жүлделі I орынды иеленді. Дебаттың ойыншылары 10 сынып оқшысы Рахмет Ерсін мен 9 сынып оқушысы Боранбай Ұлжан. Жетекшісі жас маман информатика пәнінің мұғалімі Төлеухан А.Н. Үздік ойын көрсеткен оқушылар облыстық ойынға жолдама алып ақпан айының үші күні өткен турнирге қатысты. Көкшетау қаласындағы «Болашақ сарайының» оқушыларымен сөз сайысқа түскен біздің оқушыларымызда өз ойларын ашық, анық әрі нақты дәлелдермен жеткізе білді.

Ақпан айында аға тәлімгер Гарипова Г.М. Ақмола облысындағы оқу орындарына біріне виртуалды саяхат жасау керек болған. Осы тапсырма бойынша жауапты мұғалім Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне сырттай саяхат жасап мектептің инстаграм парақшасына жариялады.

Мектеп кітапханашысы Сағындықова В.Р. тынымсыз еңбек ететін, өз қызметін жауапкершілікпен атқарып, мінсіз орындайтын жауапты маман. Аудандық, мектепшілік жұмыстарды уақытында әрі тиянақты атқаруда. «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобаны іске асыруда кітапханашының еңбегі зор.

Ақпан айындағы жоспарланған іс-шараның бірі тәрбиенің бірінші бағыты патриоттық тәрбие беру, азаматтықты қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған ауған соғысының ардагері Шайжанов Б.Б. кездесу еді. Іс-шара жоспарлы түрде 7-11 сыныптың оқушыларының қатысуымен өтті. «Ауған жеріндегі аласапыран күндер» тақырыбындағы өткен іс-шара барысында Бекет Бакытжанұлының өмірбаяны мен ауған соғысының қасіреті, зардабы жайында арнайы видео көрсетілді. Бекет Бакытжанұлына

оқушылар сұрақтар қойып, толымды жауаптар алды. Кездесу ары қарай спорттық турнирмен жалғасты. Ауған соғысының ардагеріне арналған әскери-спорттық ойын өте қызықты өтті әрі оқушылардың қызығушылықтарын арттырды.

1 наурыз алғыс күніне орай мектеп дәлізінде арнайы бұрыш безендірілді. «Жас Ұлан» балалар ұйымы бұл аталмыш шараға белсенді қатысып ұстаздар мен ата-аналарға, туған отандарына алғыстарын білдіріп, видеолар даярлап мектептің және жасұлан балалар ұйымының арнайы инст парақшаларына орналастырды. Осы орайда мектептің өзін-өзі басқару ұйымының президенті әрі «Жасұлан» балалар ұйымының Ұланбасы Боранбай Ұлжан Батырханқызының тәрбие жұмысын іске асыруға қосып жүрген еңбегін ерекше атап өткім келеді. Оқушылардың басын қосып өз бастамашылдығымен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, мектептің тәрбие жұмысына жауапкершілікпен қарап, ат салысуда. Өз еркімен, ешкімнің жүктемесінсіз түрлі қайырымдылық шаралар мен қызықты кештер ұйымдастыруға себепкер болып жүрген оқушымызға оқуына табыс пен денсаулық тілейміз.

8 наурыз Халықаралық Аналар күніне орай мерекелік іс шаралар ұйымдастырылды. «Арай» шағын орталығында және мектепалды даярлық сыныбында өткен мерекелік ертеңгілік өте жоғары деңгейде өтілді. Өтілетін орын тақырыпқа сай көркем безендірілген. Бүлдіршіндер тақырыпқа сай әндер орындап, тақпақтар айтып, қызықты билерде биледі. Әр көрсетілген номер сайын қолданылған заттар тәрбиешілердің өз қолдарынан шыққан. Киімдерді де, биге арналған қосалқы заттарды да, отырған барша аналар мен ұстаздарға берілген сыйлықтарда қолмен жасаған. Ал бастауыш сыныптар арасында өткен мерекелік концертте өте жоғары деңгейде, жоғары ұйымдастырылған, жан-жақты ойластырылған түрде өтті. Оқушылар өте белсенді қатысты. Әндері мен билерінің, сахналық қойылымдарының өте жақсы дайындалғаны көрінді. Мұғалімдер өзара келісіп аналарға арнап мерекелік дастархан жабдықтаған. Гүлдер таратылып аналар мен әжелердің ризашылықтарына бөленді. Бастауыш сыныптың мұғалімдері белсене әрі жауапкершілікпен дайындалған мереке ата-аналармен, ұстаздардың көңілдерінен шықты. «Арай» шағын орталығы мен мектепалды даярлық сыныбы және бастауыш сыныптың 8 наурыз мерекесіне орай өткізген іс-шаралары «Өте жақсы» деп бағаланды. Ал 6 сыныптың жетекшісі Каркенов М.Ш. мерекеге арнап 6 сынып оқушылары атынан арнайы видео жасап инстаграмм желісіне жүктелді. Арнайы телевидениеде жасалған құттықтау видео тақырыпқа сай болды. Бірлестік ауылдық клубында мектеп пен бірлесе өткен мерекелік концерт те көпшілік көрерменнің көңілінен шығып, алғыстарын ие болды.

22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай да тақырыптық іс-шаралар өткізілді. «Арай» шағын орталығы мен мектепалды даярлық сыныбында өткен мерекелік ертеңгілік барысында кішкентай бүлдіршіндер ұлттық үлгіде киініп наурыз мейрамы жайында әндер мен тақпақтар айтып, қазақша билер

мен батырлар биінде биледі. Ұлттық ойындар ойнатылып, наурыз мерекесіне арналған арнайы дастархан жабдықталды.

Ал, 17 наурыз күні бастауыш сыныптарда өткен мереке ұйымдастырылған, тақырыпқа сай шара болып жүргізілді. Наурыз көже таратылып, ұлттық киімдер киіліп, сахналық қойылымдар көрсетілді.

22 наурыз мейрамына орай ауыл мен мектеп бірлесе отырып мерекелік концерт өткізді. Концерт өте жақсы деңгейде жүргізілді. Мерекелік концерттен кейін ұлттық ойындардан жарыстар өткізілді. Оқушылармен ұстаздар ұжымы да бұл спорттық ойындарға белсенді қатысып жүлделі орындарға ие болды. Концертке арналып ауыл жастарының демеушілігімен ұлттық үлгіде костюмдер тігілді. Жаңа костюм тігіп киюге себепкер болған барша демеушілер мен тігінші апайларға мектеп атынан алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар тәрбие жұмысымен бір бағытта қатарласа, бірге ұйымдаса қызмет атқарып ауылдың мәдениетін арттырып, жастар мен оқушыларды көркем мәдениетке, өнерге тәрбиелеу ісіне белсенді қатысып, түрлі үлгідегі костюдармен қамтамасыз етіп жүрген Бірлестік ауылдық клубының меңгерушісі Сағындықова Р.А. көп рахметімізді айтып, алғысымызды білдіріп қызметіне табыс пен абырой тілейміз.

Жыл бойы жоспарланған ашық тәрбие сағаттары толығымен жүргізілді. Қазіргі заманның талабына сай жоспарланған тәрбие сағаттары жүргізілді. Әр сынып сағаты оқушылардың жас ерекшеліктері мен мінез-құлықтарына сай болды. Тақырыпқа сай көрнекі-құралдары мен, видео, слайдтар көрсетілді.

Сәуір айында мектепте абаттандыру, көгалдандыру, тазалау, жинау жұмыстары жүргізілді. Мектептің ауласына 100 түп қарағайдың көшеті отырғызылды. Ауладағы гүлзарлар мен балалардың ойын алаңдары толығымен сырланып, жанартылды. Мамыр айында 530 түп гүл отырғызылды. Ауылдың жанашыр азаматтары мен демеушілердің көмегімен мектептің алдына жаңа материалдардан қоршау тұрғызылды.

Мамыр айында жоспарланған барлық іс-шаралар толығымен іске асырылды. 29 сәуір күні «Бір шаңырақ астында» тақырыбында халықтар фестивалі өтілді. 2-10 сыныптар арасындағы өткен фестиваль өте жоғары деңгейде, қызықты, әрі мағыналы, мәнді түрді жүргізілді. Әр ұлттық ұлттық өнері, мәдениеті ұлттық ойыны мен ұлттық тағамдары бәйгеге түсіп үздік ұлт анықталды. Нәтижесінде 3 сынып кәріс ұлты гран-приді ұтып алса, өзбек халқы болған 10 сынып оқушылары I орынды жеңіп алды.

7 мамыр Отанқорғаушылар мен 9 мамыр Ұлы деңіз күніне орай мбарлық сыныптарды ерлік сабақтары жүргізілді.

25 мамыр соңғы қоңырау мерекесі жоғары деңгейде өткізілді. Өтілетін орын барлығы көркем безендірілген, тақырыпқа сай жабдықталған болды. Мерекелік әндер мен билер шыркалып, түлектердің жүрек концерттері көпшіліктің көңілдерін шықты.

Жазғы демалыспен негізінде бастауыш сыныптардың оқушылары мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңында 100% қамтылды. 2021-2022 оқу жылында 1-4 бастауыш сыныптарда 33 оқушы бар. Барлығы

да мектеп жанындағы жазғы балалар алаңымен толығымен қамтылды. Ыстық тамақпен қамтылды.

Оқу жылы	«Балдәурен» жазғы балалар алаңы (1-4сыныптар)	«Жасыл желек» көгалдандыру, абаттандыру тобы (5-8 сыныптар)	«Көмек» өндірістік тобы (10 сынып)
2022	33	31	9


«Жасыл желек» көгалдандыру, абаттандыру тобында 5-8 сыныптардың оқушылары жұмыс жасауда. Олар мектептің ауласына егілген гүлдер мен көкөністерді күтіп баптап, суару үстінде. Ал 10 сыныптар «Көмек» өндірістік тобы мектептің жөндеу жұмыстарына қатысты.

Ата-аналармен жұмыс өте жақсы қарқынды іске асырылды. Ынтымақтастық, сабақтастық құрылып, оқушылардың оқу тәрбие саласындағы барлық мәселелері бірлесе шешіліп отырылды. Мамыр айының он алтысы күні «Ашық есік» күні жоспарланды. Ата-аналар келіп балаларының білімдері тәрбиелері мен басқа да мәселелері бойынша сұрақтарын қойып, өздерінің пікірлерімен бөлісті.

Ерте жүктіліктің, балалар арасындағы қылмыстың алдын-алу бойынша жоспарланған жұмыстар толықтай іске асырылып, атқарылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы да жүзеге асырылып, мектепті бітіріп кеткен түлектер «Кітапханаға кітап сыйла» акциясына қатысып мектептің кітапхана қорына жаңа балаларға арналған ертегілер мен көркем әдебиеттер және энциклопедиялар сыйға тартты.

2021-2022 оқу жылына жоспарлаған барлық іс-шаралар толығымен орындалды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Солтанбек Г.